

Тажикеев Б., С.Сейфуллин атындағы агротехникалық университет, Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультеті, 19-06 тобы, студент
(Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к., аға оқытушы Баймұханбетова М.Б.)

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

«Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алын тұр.» (Мұхтар Ауэзов). [1,6]

Абай 23 тамыз 1845 ж. қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың төрт әйелінің бірі, екінші әйелі Ұлжаннан туған.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев — жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, ақын, ағартушы, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға таяна отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» - тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. «Қара сөздерге» тоқтала кетсек, Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі болып табылады. Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан ауқымды және өзгешелеу болып келеді. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне және логикалық мәніне де үлкен еңбек салған. Сөйтіп шеберлік көркемдік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сананы ұштастырады.

Абай үстем тап билеген заманға, феодалдық озбыр қоғамға сын көзімен қарап, елдегі әлеуметтік теңсіздіктерді, қаналаған көпшілікті көре білді. Теңсіз-правосыз, әділетсіз өмірге қарсы шығып, әділ сын айтқан, заманың қатал сыншысының бірі болды. [2,9]

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Кейіннен, Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Біз бұл ғылыми мақалада Абайдың қара сөздерінің тәрбиелік мәніне тоқталамыз. Негізгі тұрғыда адам санасының деңгейіне, заман және іс-әрекет бағыттарына назар аударамыз.

Абай ілімі бойынша адам дегеніміз жан, ақыл-ес (психика) және тәннің бірлігі болды. Бұл үшеуінің қасиеттері бірдей емес, әртүрлі. Сондықтан олардың тілейтін құмарлықтары да әртүрлі. Ол құмарлықтар бір-бірімен үнемі талас пен күресте. Сонда олардың қайсысы билеу керек? Адамның өмір мақсаты, мінез-құлық, іс-әрекеті барлығы міне осы сұрақтың шешіміне байланысты. Бұл сұраққа данышпан жетінші қара сөзінде анық жауап береді. Ол әуелі жан құмары мен тән құмары туралы түсіндіріп келеді де, әрі қарай былай дейді: "Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас кезімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көзбен жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік." [3.180]

Адам өзін тәнмен баласа, онда ол барлық хайуанаттар тәрізді тек қана тәннің ықпалымен, соның мақсаты үшін ғана өмір сүреді. Бұл таза материалдық көзқарас. Маркстік-лениндік дүниетаным міне осының бір көрінісі. Бұл көзқарас бойынша "Сананы болмыс қалыптастырады". Яғни бүкіл болмыс өмірі материалдық әлемнің ықпалында. Болмыстың бір бөлігі адам да сол заңдылықпен өмір сүргендіктен, оның өмірі уақытша, рухани білім жоқ және қасіретке толы. Бұны өткен кеңес дәуірі жақсы дәлелдеді. Бұл тән деңгейіндегі өмір.

Тағы бір Абайдың "Жетінші сөзінде" ұшырасатын "жанның тамағы" деген күрделі философиялық ұғым бар. Оны Абай біздің санамыздан тыс өмір сүретін объективті дүниенің санада сәулеленуі нәтижесінде пайда болатын ғылым, білімнің жинақталған қоры ретінде қарайды. Осы себептен де Абай:

«... құмарланып, жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді,»

— деп қайыра түсінік беріп отыр... Абайдай ұстаз ақынның бұл "Жетінші сөзде" көздеген мақсаты адамның бойында туа пайда болатын жан құмары арқылы өз ұрпағының санасына тек қана жанның пайдалы тамақтарын сіндіру еді. Міне, Абайдың ағартушылық көзқарасының тамыр алған бір саласының қайнар көзі осы жақта жатыр.

Абай бұл бағыттағы ойларын өзге сөзбен "Ғылым таппай мақтанба" т.б. өлеңдерінде айтқан. Мұнда ол "жанның тамағы туралы" ұғымды өз заманының тұрғысынан келіп, "адам болу" үшін қажет көп керектермен ауыстырады. Ақын толық адам болу туралы өзінің жүйелі де қалыптасқан көзқарасының тезисін ұсынады. Онысы:

«Адам болам десеңіз...

Бес нәрседен қашық бол...,

Бес нәрсеге асық бол,» - деген жолдарда жатыр.

Абайдың «Жиырма жетінші сөзі» де өзінше болек, ерекше көзге түседі. Ол тарихта аты мәлім ежелгі грек философы Сократ атына байланысты сөз. Бұл сөзді «Сократ Хәкім сөзі» деп белгілеп, Абайдың өз сөзі емес, сол Сократтан аудармасы дегенді айтып жүр. [3,54]

Мұнда автор өзі естіп, не оқып білген ойларын көркемдеп, екі кісінің әңгімесін ретінде баяндап береді. Бұл сөз өзінің ой түйіндеуі, мазмұны және стилі жағынан да Абай шығармасы екенін айқын танытады. Өзінің құдай туралы түсінігін, философиялық ойларын Абай осы сөзінде басқа создеріндегідей топшылайды. [3,56]

Ақынның бүкіл шығармаларындағы негізгі бір тұтас тақырыпта өзекті идея болған. Абайдың пікірінше, ішкі рухани казынамыздың молығуы тікелей өзіміздің қолымыздағы іс. Осы реуішті пікір Абайдың "Он тоғызыншы сөзінде" де қайталаанады. Абайдың дүние танымы бойынша сананың, ақылдың пайда болуы күнделікті өмір тәжірибесінің нәтижесінен ғана туындайтын табиғи құбылыс. Сондықтан да Абай "Он тоғызыншы сөзінде": «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: есітіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады... Сол естілерден есітіп білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады — деп жоғарыдағы өлең үзіндісендегі ойын осы сөзінде одан ары кеңіте отырып дамытатынын көруге болады. » [1,42]

Салауатты өмірдің бір кепілі – дұрыс іс-әрекет екені белгілі. Іс-әрекет болмыстың бір негізі, яғни болмыстың бір көрінісі. Барлық Ғұмыр өзі Барлық жаралыс іс-әрекетпен болады. Шәкәрім "Жаралыс басы – қозғалыс." – дейді. Қозғалыс болмаса – жаралыс та жоқ. Жаралыс – іс-әрекеттің нәтижесі. Бұл – болмыс ғұмыры. Абай "

Хақиқат" – деп болмыс ғұмыры Алла тағаланың бір көрінісі екенін білдіреді.

Абай жиырма жетінші қара сөзінде былай дейді:

"Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дарқарлық, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият (қажеттілік) ол денеге лайықты келмейді. Қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберлікпен удесінен (икемді) шығарлық қисыны бар? Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыппен жасалған денеге кіргізіп, мұнша салахият иесі қылғаны хикметпенен өзге хайуанға сұлтан қылғандығына дәлел емес пе? Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден Алланың Өзі ойлап жасағанына дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма? – депті." [3,166]

Адамның хайуаннан артық және не себептен олай жаратылғанын Абай осылай айтады. Табиғи инстинктпен шектеліп, одан шыға алмайтын хайуандардан адамның ерекшеліктері зор.

Адам – жер бетіндегі негізгі көркемдеуші қуат. Ал бүкіл ғарыш кеңістігін алатын болсақ, Жер бүкіл әлемдегі ең маңызды планета. Сондықтан, жердегі өзгеріс бүкіл әлем өміріне әсер етеді. Осылай жер бетіндегі адам өміріне, оның жасаған іс-әрекетіне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Яғни, адамның дұрыс іс-әрекетінің өз өмірі ғана емес, бүкіл материалдық әлем үшін үлкен маңызы бар.

Қорытындылай келе, Абайдың тарихтағы алатын орны туралы айта кетсек.

Абайдың өз өлеңдері мен қара сөзбен жазылған ғибраттарында қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтарын ашып көрсетті. Одан ақыл-кеңес сұраған дала тұрғындары ағылып келіп жатты. Атап айтқанда, оған Баянауыл өлкесіндегі белгілі шежіресі, әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келіп тұрды. Ақын өзінің талантты шәкірттерін тәрбиелеп өсірді. Абайдың ізбасар шәкірттері Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Кәкітай және Мағауия болды.

Абай көзі тірісінде өзінің өлеңдерін жинаған емес. Олардың әрқайсысын бір жапырақ қағазға жазып, жастарға таратып бере берген. Олар Абайдың өлеңдерін жаттап алып отырған.

Сөйтіп Абай өлеңдері қазақ даласында ауыздан ауызға таралып кете барды. Оның өлеңдері қолдан қолға көшіріп алынды. Ондай қолжазба көшірмеге ие болу әрбір сауатты қазақ үшін зор ғанибет болатын. Кейінірек Абайдың туындыларын оның ұлы Тұрағұл жинастыра бастады. Абай өлеңдерінің ең алғашқы жинағы 1909 жылы ақын Кәкітайдың арқасында Қазан қаласында басылып шықты. Абай Құнанбаевтың өлең-дерін жинауға және бастырып шығаруға көп күш-жігер жұмсап, игі ықпал еткен адал ақын Көкбай Жанатайұлы (1864—1927) болды. Ол өлеңдер белгілі қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханұлының редакциясымен басылып шықты.

Абай отандық тарихымыз бен әдебиетімізде аса көрнекті орын алады. Абай қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Абай есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётелермен қатар тұрады. Ақынның мол әдеби мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақстанда ұлы Абайдың есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық университетіне, Алматы қаласындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақынның құрметіне Қазақстан мен Ресейде ескерткіштер орнатылған. Қазақстанның жоғары оқу орындарында Абай шығармашылығына арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы 1995 жылы дүниежүзілік ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

"Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз. Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың қара сөздерінің қазіргі жастар үшін тәрбиелік мәні зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Книга слов: Поэмы. Перевод с казахского К.Серикбаевой, Р.Сейсенбаева Алматы: ЕЛ, 1993-272 с. (на казахском языке).
2. Х.Суюншалиев Проза Абая (на казахском языке).
3. Омаров. Д. О 58 Абайдың рухани мұрасы. – Алматы: "Ел-шежіре" баспасы, 2007. – 264 б.

Төлеуқан Е.К., Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Машина жасау факультеті, НВП-19-2 тобының студенті
(Ғылыми жетекшісі – ПОМ-18-1 тобының магистранты Жеңіс А.)

ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Жаңа сипаттағы, заман талабына сай болашақ мамандарды даярлаудың мақсаты заманауи техника мен инновациялық технологияларды құру қабілеті болып саналады. Білім беру жолындағы осындай басым бағыттардың бірі оқытудың құзыретті тұрғыға ауысуы. Көптеген зерттеуші ғалымдар кәсіби құзыретті тұрғының құрамын жалпы, кәсіби, техникалық, инженерлік, зерттеушілік және т.б. құзыреттілік түрлерін қосып қарастырады.

Бүгінгі таңда отандық университеттер маман даярлау үдерісін құзыреттілік тұғыр аясында жүзеге асыруда. Осыған орай ЖОО білім беру жүйесін реттейтін құжат – ҚР МЖМБС қайта қаралып, кәсіби құзыреттіліктер тобы енгізілді.

«Құзыреттілік» ұғымы ең алғаш рет еңбек әлемінде және өнеркәсіп мекемелерінде пайда болды. «Түйінді құзыреттілік» термині ретінде 1992 жылы Еуропа Кеңесінің «Еуропадағы орта білім» жобасында пайда болған. Бұл жобаның міндеті – Еуропа одағының құрамындағы елдерде білім берудің мақсаты мен мазмұнын, оқушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау механизмдерін талдау болып табылады. Халықаралық еңбек ұйымы жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу мен басқарма кадрларының біліктілігін арттыру жүйесінен өтетін мамандардың біліктілік талаптарының қатарына «түйінді құзыреттіліктер» ұғымын енгізген. Кәсіптік мектепте 1990 жылдан бастап мамандарды даярлауда құзыреттілік ұғымдары қарастырылып келеді [1, 18-22 б.].

Зерттеушілік құзыреттілік – бұл игерілген зерттеушілік білімдер мен біліктерді шынайы практикада қолданудағы тиімділік. Зерттеушілік құзыреттілік теориялық сауаттылықта, педагогикалық-психологиялық зерттеулердің әдістерін игеруде, эмпирикалық мәліметтерді статистикалық өңдеу білігінде, қорытынды жасау, зерттеу нәтижелерін көрсетуде көрініс